





ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ

ҚЫЗЫЛ  
ҚАЙЫҢ

ӨЛЕҢДЕР

„ЖАЗУШЫ“ БАСПАСЫ,  
Алматы — 1973

**Молдағалиев Жұбан.**

М66 Қызыл қайың. Өлеңдер. Алматы,  
«Жазушы», 1973.  
176 бет.

Қазақтың белгілі ақыны Жұбан Молдағалиевтің «Қызыл қайың» атты бұл жинағына соңғы жылдары жазған өлеңдері енді. Бұл жырлар ақынның Отан, партия, туған жер жайлы терең тебіренісінен туған. Ақын осы жинағында да өзіне тән жылы лиризм мен публицистикалық серпінінен жаңылмайды. Оның монғол, үнді сапарынан туған жырлары коммунист ақынның азаматтық позициясын айқындай түседі.

Сонымен қатар, «Қызыл қайыңда» бүгінгі замандастарымыздың жан сұлулығы, адамгершілік биік қасиеттері, жастық шақтың қимас сәттері үлкен шабытпен жырланады.

М  $\frac{0743 \quad 294}{402(07)-73}$  060-73

Қаз 2

© «Жазушы» 1973 г.



## Бірінші бөлім

# ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ

## Баллада

### 1

«Қы-зыл қай-ың, қы-зыл қа-йың,  
Қы-зы-ғын-дай ай-да-ла-ның,  
Қы-зы-ғың-нан ай-на-ла-йын,  
Ха-лә-лә, лә-лә-лай...»

Мен солай ыңылдаймын, ызындаймын,  
Қалайша отты күйге қызынбайын?  
Құдайға құлақ берген мың рахмет,  
Саған да, «Қызыл қайың», «Қызыл қайың!»

Басталып басы жалпақ дала-қырдан,  
Бұлаңдап, бал бұлақтай дара ағылған,  
Тағы да толқытады сиқыр әуен —  
Тағы да Құрманғазы, дана Құрман!

Күй, ия, баста баяу жорғалады,  
Сипаған самал желдей сол даланы.  
Содан соң бойлап-бойлап тамырымды  
От болып қан жолымен сорғалады.

Баурады сірә қандай сыр даланы?  
Мынау саз ұқсамайды сырға налы.  
Түбінде сол қайыңның жолыққандай  
Әжет қыз, сыңғыр қағып сырғалары.

Бір сәтке күйші көңілі бүтінделді,  
Тастады серпіп тұман-түтіндерді,  
Бір сәтке билеп алды, дейік болжап,  
Тулаған қос жүректің лүпілдері.

Ұмытты, дейік, дүние қуаңын шын,  
Білінген таң алдында қылаң үшін,  
Қүрекең күйге әйтеуір түсіргендей  
Өзінің, әлде өзгенің қуанышын.

Ойланам ойдың бетін он бұрамын,  
Құсымдай ұшырам да қондырамын.  
Күйін не Құрманғазы арнады ма,  
Қасиетті қайыңына домбыраның?

Бір аты осы күйдің «Балдыз», дейді,  
Осыдан ойнақы, әсем қалды із, дейді.  
Әйтеуір бұ да тәтті сұлулықтай,  
Әйтеуір көкейіңнен балды үзбейді.

Мен солай жорамалдап, ызындаймын.  
Қалайша отты күйге қызынбайын?  
Есіме түсті елестеп ертегідей  
Тағы бір қызыл қайың, Қызыл қайың.

## 2

Жұлдыздай бұлтсыз түнгі түйдек те емес.  
Жұлдыздай бұлтты түнгі сирек те емес.  
Көруге қоңырайған қазақы ауыл,  
Сырт адам осында ән мен күй деп келмес.

Ұятты бау-бақша мен жидектен де,  
Айдын көл, аққу, қаз бен үйректен де.

Қараған құдыққа тек мал мен адам,  
Таңдайын шөлге басып үйреткен де.

Жан-жағы қаңбақ қонбас жазық еді,  
Жанға — мал, малға — жусан азық еді.  
Оқшауда өскен жалғыз қызыл қайың  
Бейне бір осы ауылдың қазығы еді.

Мен-менсіп әлденеге ол тұрғандай,  
Қоршап ап оны терең ор тұр қандай!  
Шым үйлер, балшық үйлер — бар тіршілік  
Байланып осы ағашқа отырғандай.

Замандар байқаса да жаншып қандай,  
Ол өсті құрып кетпей, қаңсып қалмай.  
Болса да күнге күйген сырты солғын,  
Ішінің қызылынан қан шыққандай.

Бұтақтар белуарынан биік біткен,  
Сүп-сұңғақ қыз бойындай сүйіп күткен.  
Бүлк етпес балталасаң бұйра безі,  
Құрыштай буынына құйып кеткен.

Адам ба, алла ма — оны жаратқан кім?  
Қиырдан қарауылдай қаратқан кім?  
Қай кезде қалай келді дүниеге ол?  
Болған жоқ оған жауап таратқан күн.

Орыннан жоқ еді оның асар тұяқ,  
Тимеген молдаға да асатаяқ.  
Бермеді балаға да сынық шыбық.  
Басына бұлт төнген тек баса таяп.

Жоқ-ау, жоқ, болған емес қарауылы.  
Заң етті сол тәртіпті бар ауылы.



Тек қана домбыраға кескен оны,  
Өнердің шықса жүйрік жарау ұлы.

Әуелі олар сыншы аталардан  
«Шын күйші», «әнші» деген атақ алған.  
Солай тек топқа түсіп танылған соң  
Алдында қызыл қайың — жатады арман.

Білмеймін, бұл дәстүрдің қайда көзі  
(Кейіндеу келді сайма-сай да кезі).  
Әйтеуір, сол қайыңның домбырасы  
Кеткендей, қағып қалсаң, сайрап өзі.

Көріпті ауыл оның мол қайырын,  
Танытып кең өңірге шалғай елін,  
Шалқыды әнші, күйші айтыстары  
Түбінде сол қайыңның, сал қайыңның.

Мұң шағып түн жамылып ғашықтар да,  
Тұрыпты бауырларын басып талға.  
Сол жерден майданға да аттанды ұлдар,  
Сол жерден заулап уақыт асықты алға.

Есімде қырық төртінші жылдың жазы,  
О да бір жеңіс жазы, жырдың жазы.  
Кездестік Белостокта төрт-бес қазақ —  
Жүргендер жүрегінде Құрманғазы.

О да бір азаттықтың берен ері,  
Сағыныш күйлеріне ерен еді.  
Қой сойып, қос шек тағып, домбыра еттік  
Балтамен шауып-шауып бөренені.

Соғыстың өшпесе де сорақы үні,  
Сеземіз, алыс емес сірә ақыры.

Қылышын қарауыл ғып, күйге басты  
Қазақтың Хамит атты бір ақыны.

Билеген қуаныш па қызу қанын,  
Сезді ме сұлу поляк қызы ыңғайын,  
Әйтеуір бармағына ілікті оның  
Ойнақы ор киіктей «Қызыл қайың».

Қоймады жанымызды елжіретпей,  
Ескендей туған елден жел жібектей.  
Түсірді еске жалғыз қайыңды да  
Домбыра — саптай салған белкүректей.

3

Жұлдыздай бұлтсыз түнгі түйдек ауыл,  
Бақ ауыл, бұлбұл ауыл, жидек ауыл,  
Ақ үйлер, әппақ үйлер — ақ көңілдей,  
О бастан әнге дауыл, күйге дауыл.

Үй түгіл, жан басына — домбырадан.  
Күй туып сәбимен бір, жаңғырады ән.  
Баяғы қайың тұрған қара орында  
Парк бар, бұл — соғыстан соң құралған.

Тамылжып қарсы алады таңды осылар  
Бір ғана қарт қайыңның паң басы дал.  
Қалыпты кісі бойы жуан түбі —  
Оюлы домбыраның таңбасы бар.

Осылай жалғыз қайың бақ болыпты,  
Түбірі күйге белгі — тақ болыпты.  
Әттеңі — әлденендей адуын күш  
Жасындай көктен түскен қақ бөліпті.

Деменіз оның бұл тек көнергені.  
Ауылда көбейген ғой өнер кені.  
Аз болса әнші, күйші жас перілер,  
Жұрдай боп бұтағынан, шөгер ме еді?

Тағы да бір себебі — елден дейді  
(Ерлік те — өнердей ол, — жерленбейді).  
Майданнан аман-есен келгендерге  
Қайыңнан бір-бір кесім берген дейді.

Риза дала да оған, дана да оған,  
Ән мен күй әр бұтақта паналаған.  
Жетіліп жас қайындар келеді өсіп,  
Қарт ана қайта түлеп балалаған.

Жақсы салт жоғалмайды, жалғасады,  
Жасайды, жаңғырады, алға асады.  
Аты да осы ауылдың — Қызылқайың,  
Түскендей жүрекке нұр, жанға сәні.

Сауыққа, ән-күйлерге парк толып,  
Жырлайды,  
                    сайрандайды халық болып.  
Кетеді жаңғырығы кең жазыққа,  
Тыңдайды байтақ дала қарық болып.

Алдияр аруақтай ата Құрман,  
Болса ше тірілерге бата қылған,  
Айтады: «Арма, асыл армандарым,  
Айналдым, Қызылқайың, атағыңнан!»

Соны ойлап ыңылдаймын, ызыңдаймын.  
Қалайша отты күйге қызынбайын?

Мың рахмет көз, құлаққа сендер үшін,  
Күй қайың, ауыл қайың — қызыл қайың!

Қы-зыл қа-йың, қы-зыл қа-йың,  
Қа-зы-ғын-дай ай-да-ла-ның,  
Қы-зы-ғың-пан ай-на-ла-йың,  
Ха-лә-лә, лә-лә-лай...

## ҚАЗАҚШАДАН АУДАРЫЛҒАН

«Қазақшадан аударылған...»

Осы сөзде дүйім дәуір сыры бар.

Қазақшадан аударылған

Адамзаттың дана ойы, жыры бар.

Сімір, әлем, түпсіз терең тұнықты,

Мұны мың жыл өзге қандай тіл ұқты?

Ромео мен Джульеттадан көп бұрын

Түзде небір Қозы, Баян туыпты.

Тудырыпты қара қазақ қой баққан,

Шөліркеген, сусындаған оймақтан,

Жүрегінде жыр қазанын қайнатқан,

Көкірегінде көк теңізді ойнатқан.

Қайран қазна түзде тұнып тұрыпты-ай,

Қауызында қатып жатқан ұрықтай.

Қазақ тілін білмеген ғой даналар,

Қазақ жанын өтіпті ғой бірі ұқпай.

Қазақ үнін енді есітті талайлар,

Қазақ жырын бал бұлаққа балайды ар.

Жер тудырған шоқ жұлдыздар көгінде

Жарқырайды Шоқан, Мұхтар, Абайлар.

«Қазақшадан аударылған...—

Дейді дүние халықтары,— біліп ал.

Қазақшадан аударылған...

Демек сондай ел бар, қазақ тілі бар».

Болғанда да, берік бұл тіл таулардан

Күні де көп, гүлі де көп баулардан!

Мың сан рахмет, мың сан рахмет сендерге,  
Қаламдастар қазақшадан аударған!

Қаламдастар хан көтерген дос атын,  
Бір жүрекпен жырлағандай қос ақын.  
Қаламдастар — көркем сөздің доноры,  
Қанды қанға, жанды жанға қосатын.

Рахмет саған, орыс тілі, әуелі.  
Шапағатың гүл бақшадай мәуелі.  
Сен арқылы күллі тілде сөйледік,  
Сен арқылы асқақ жырдың әуені.

Сен теңізсің өзенге өзі құятын,  
Сан салаға өзегін де қиятын.  
Соны ұқпайтын шолақ сайлар табылса,  
Қызарар ем, көтергендей ұятын.

Сен емессің өз еңбегін бұлдар тек,  
Сен емессің «мен, мен» дейтін ділмар тек.  
Миллион емес, мың адамның тілін де  
Дәріптейсің осындай жұрт, тіл бар деп.

Сен ортақсың Октябрьдің тіліндей,  
Сен тереңсің ой-қиялдай, білімдей.  
Сен болмасаң өтер еді өлеңім  
Өз өлкемнен өзге жерге білінбей.

«Қазақшадан аударылған...»  
Қазақ тілі, мен сен үшін мақтанам.  
«Қазақшадан аударылған...»—  
Қазақта бар жержүзілік бақ-талан.

Ой жемісі — ортақ перзент тіріге.  
Жоқ қой оның шекарасы, түбі де.  
Мен де аударам дастандарын дүниенің  
Қазақшаға, ақын халық тіліне.

## АПРЕЛЬ

Төбесі көкте батыр ел,  
Төрінде — Ұлы Апрель.

Жүз жасап әркім жатыр дер,  
Әр үйде — мейрам, Апрель.

Апрель десең, ай десең,  
Алдыңа келер ай көсем.

Гүл көктем десең, күн десең,  
Көңілде тұрар күн көсем.

Тіршілік десең, жан десең,  
Түседі еске жан көсем.

Таң шолпан десең, таң десең,  
Тағы да жырың — таң көсем.

Бостандық, бақыт десең де,  
Айтасың алғыс көсемге.

Космосқа ұшқан қыран да,  
Әліппе тұтқан ұлан да,

Қадірлі ата-ана да,  
Қарыздар Ленин данаға.

Ленин — нұрлы бақ дәуір,  
Ленин — Ұлы Октябрь.

Аты да Ленин заманның,  
Заты да Ленин жаңа әннің.

Лениннің тойлап жатыр ел,  
Әр үйде — мейрам, Апрель.

## ДАЛА СУРЕТТЕРІНЕН

### КӨКЖИЕК ПЕН КОСМОС

Көнеріп көз алдымда дала жатты,  
Дауымен, дауылымен дара жатты.  
Атаммен ала таңнан бірге оянып,  
Қой жайып көкжиекке бара жатты.

Әйтеуір бара жатты, бара жатты,  
Арқалап бар тіршілік, бар азапты.  
Күрсінді, күңіренді, армандады,  
Шер қатып көкірегінде, жара жатты.

«Қу дала», құла дала», құба дала» —  
Болғандай басқа теңеу бұдан ада,  
Еш адам оны өзгеше атаған жоқ,  
Батқандай түр-түсі тек бұғанаға.

Құба түз қойнына не тығып жатты —  
Кім оны көріп жатты, ұғып жатты?  
Кім білген қазекеннің кеудесінде  
Қай сайтан, қай періште бұғып жатты.

Білген жоқ, заман көші өте берді,  
Дала оған жұмбақ еді, бөтен еді.  
Деген жоқ жетіп о да көкжиекке,  
Езілген еңсесін бір көтереді.

Бүгін де көз алдымда дала жатыр,  
Атағы жер-дүниені ала жатыр.  
Көкжиек көсілуге тар боп қалып,  
Қосмосқа бой жазып ол бара жатыр.



## ҚОНАҚ

Жолдар, жолдар — солай шыны —  
Жол өрмегі — жер-дала.  
Танымайтын жолаушыны  
«Құдай қонақ» дер Дала.

Қонақтікі төр төбесі,  
Түстенсе де, қонса да.  
Биік оның мәртебесі,  
Қайдан, қандай болса да.

Жандығын да, жалғыз демей,  
Дала соған соятын.  
Ол жоқ болса, байғұс кедей  
Қара суын қоятын.

Жарты құшақ шөбі қалса,  
Ол — жолаушы атына.  
Жалғыз шелек суы қалса,  
О да соның қатына.

Тек сонан соң парызындай,  
Қонақ жөнін сұрар түз.  
Жоқпын демей, арыз қылмай,  
Бармен бай боп тұрар түз.

Қонақ кетер, қадесіне  
Ән-әңгіме қалдырып.  
Сол сақталар дала есінде,  
Секілді әсем жаңғырық.

Дала дәмін — жол ғой Дала —  
Тегін татып жатты адам.

Дала біздің жоғында да  
Сатылмаған, сатпаған.

Енді келсін құдай қонақ!  
Дала — дүние несібі.  
Дала жаны құдайдан ақ,  
Бекітусіз есігі.

Дала — қазақ бесігі.  
Дала — қазақ есімі.

#### ҚАЛТАРЫСЫ ЖОҚ ОНЫҢ

Көрініп тұр Даланың  
Көкжиектен бергісі.  
Көңіліндей баланың  
Бұл бір бөлек белгісі.

Көлеңкесі жоқ оның,  
Көз алдында міні де;  
Кең өлкесі, жол-жоны,  
Өз алдына түні де.

Боталардың көзіндей  
Көлдері де бетінде.  
От аралдың өзіндей  
Шөлдері де бетінде.

Шырайындай арудың  
Қызылы да бетінде.  
Райындай нар ұлдың  
Қызуы да бетінде.

Тұяқтардың ізіндей  
Жыртығы да бетінде.

Тулақтардың жүзіндей  
Тыртығы да бетінде.

Бойы биік заманның  
Қызығы да бетінде.  
Ойы биік қаламның  
Сызығы да бетінде.

Бергенің де бетінде,  
Алғаның да бетінде.  
Тергенің де бетінде,  
Арманың да бетінде.

Қалтарысы жоқ оның —  
Нұр-жарықтан тұрғандай.  
Жалтарысы жоқ оның —  
Туралықтан туғандай.

Сүйем осы Даланы  
Сипатындай халқымның.  
Бауырында — бал әні,  
Аспанында — алтын күн.

## ТҰРСЫН ТЕК ПАРЫЗЫМНЫҢ ҮНІ ЕСТІЛІП

О достар, бұл қандай бақ, бұл қандай күн —  
Ғашықтай қызығына бір қанбаймын.  
Ойласам, клетка емес, менің өзім  
Қарыз бен парыздардан тұрғандаймын.

Қарызбын Адамға да, Хауаға да,  
Қарызбын аспанға да, ауаға да,  
Қарызбын отқа, суға, қыс пен жазға,  
Қарызбын дәуірге де, дауаға да.

Қарызбын гүлге де мен, күнге де мен.  
Қарызбын күндіз бенен түнге де мен.  
Қарызбын қара нанға, тұзға, сүтке...  
Өтеймін қашан, қалай кімге немен?

Талпынам, барымды алсын, күтіп алсын.  
Тірліктің жер бетінде құты қалсын.  
Туған ел, туған ана қарызынан  
Қалайша, не төлеумен құтыларсың?

Тумаса әр минутын қайталар күн,  
Қалайша «құтылдым» деп айта алармын?  
«Сен боссың, есептестік» десе тағдыр,  
Өмірді өз еркіммен қайтарармын.

Жатады жылдар өтіп, гүл ескіріп,  
Жүрсін тек парызымның үні естіліп.  
Парыз да клеткадай, жүрегімдей —  
Тұрады тамырға қан үлестіріп.

## МЕНИҢ БІР СУРЕТІМ БАР

Менің бір суретім бар шлем киген,  
Қастерлеп қабырғада кілемге ілген.  
Уыздай уылжыған жас замполит  
Күндердің куәсіндей кілең күлген.

Төрт-төрттен үш бұрыштар жағасында,  
Ұқсайды жайсаң жастық бағасына.  
Атақты комиссарлар ұрпағынан  
Бір жігіт танылғандай тағы осында.

Соғыстан түскен сурет бір ай бұрын,  
Сезгендей сұрапылдың сірә айбынын.  
— Бұл кімге ұқсайды?— деп көрген сайын  
Сұрайды Азаматым, сұрайды ұлым.

Апырау қандай болғам о заматта?  
Мен емес не бұл фото Азамат па?  
Азамат тегі соған мақтанады,  
Жүргендей әкесінен аз-ақ артта.

Мақтанам өзім де аз-мұз шын өңіммен,  
Уақыттың шектім шеру шүленін мен.  
Сонау бір Буденныйшіл әкелерге  
Ұқсасын тым болмаса шлеміммен.

## ЖҮРЕКТЕР

Сағынысып көрісеміз достармен,  
Қосылады бір көңілге қос дәрмен.  
Сүйседі, сыңғырлайды бокалдар,  
Кездесуді қошаметтеп тостармен.

Тебіреніп жүрек сонда тулайды.  
Ғашықтың да көкірегінде шулайды.  
Мейрамда да, қазада да тынымсыз,  
Не жазады, не бір дертпен улайды.

Жүрек қандай балқып тұрған от еді?  
Неңдей күштен жаралды екен о тегі?  
Ол арқылы қан ғана емес, толассыз  
Жер дүниенің дүмпуілі өтеді.

Жарқырайды, бұлттанады бұл күнше,  
Құр аттай боп шыға келер бір күлсе.  
Өзіміздің туған Ташкент түгілі,  
Сыздайды түү Чилиде жер сілкінсе.

Жүрек талмас күрестер мен жұмыстан,  
Теңіздерді сапырар бұл уыс қан.  
Жок, зәбірлей алмайды оны дұшпан да,  
Ауыртпаса жолдас, дос, жар, туысқан.

Солар оны жүдетпесін құса ғып.  
Күткен көктем келмесін тек қыс алып.  
Қалтамыздан валидол ап бермей-ақ,  
Қолымызды шын көңілмен қысалық.

Дәрі де бір сиқыр дүние, сыбыр сын,  
Жүрек бойға шаттықты көп сіңірсін,

Шырын балын сарқып ішсін Достықтың,  
Махаббаттың бальзамын мол сімірсін.

Зор бақытқа саты болсын жыл-өткел,  
Көгімізде қалықтасын жыр-кептер.  
Адам үшін, жолдас үшін, жар үшін  
Сау болындар, жас болындар, Жүректер!

## МАДАҚТАЙМЫЗ

Туғаным жоқ ай, жұлдыз аралында,  
Жауаптымын мен де жер шары алдында.  
Жалғыз түйір бидайдай бір дәнімін,  
Жыршысымын ақ, сары, қараның да.

Осы дүниенің қамы тек мақсат-ісім,  
Елден бөлек мінбеймін бақ сатысын.  
Әр нәсілге қарызбын бір-бір өлең,  
Адам деген тең ортақ жақсы ат үшін.

Өмір біреу алайда, ана біреу,  
Анаға мен қарызбын ала бөле.  
Ана ғана әлпештеп өсіреді  
Адам жайлы аңызға бала бөлеп.

Көңіл де хош — отырса ортаңда ана,  
Нұр қосқандай ол күнге, ол таңға да.  
Сол тәңірдің өзі де табынатын —  
Аналардың анасы — Отан ғана.

Ол біздерге алыптың берді күшін,  
Бүгіні мен дүниенің ендігісін.  
Отаныма — Советтер Одағына  
Қарызбын да қазақтың елдігі үшін.

Рас, иә, тындырған аздау ісім,  
Қарыздармын көктем мен жаздар үшін,  
«Барлық елдер пролетары, бірігіңдер!»  
Деп Гербінде қазақша жазғаны үшін.

Ел едік біз өз басы бірікпеген,  
Жерімізге жұтым су бүрікпеген.